



Бекітемін:  
«№ 20 лицей-мектебі» КММ  
басшысы  
Д.Жусупова

## **«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ №20 ЛИЦЕЙ-МЕКТЕБІНІҢ» ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

«Мектептің ішкі тәртіп ережелері, оқушылардың құқықтары мен міндеттері»

1. Мектептегі тәртіп сақтау ережесі
2. «Кішіге ізет, үлкенге құрмет» - қағидасын ұстану.
3. Мектеп алаңындағы тәртіп.
4. Мектептен тыс, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережесі.
5. Сабақ арасындағы үзіліс кезіндегі кезекшілік.

### **ОҚУШЫ ЕРЕЖЕСІ**

1. Оқушы сабаққа келгенде қажетті кітап, дәптер, жазу-сызу құралдарымен келуі керек. Әр сабақтың алдында сол сабаққа қажетті оқу құрал – жабдықтарын дайындап қоюға тиісті.
2. Сабақ кезінде оқушы мұғалімнің айтқандарын тиянақты тындап, жазып отыру керек. Үй тапсырмасын күнделікке мұқият жазып алу керек, аптаның соңында мұғалім күнделікті тексеріп, ата-ананың қолын қойдыруды талап етеді.

Мектеп оқушыларына тыйым салынады:

- өзімен бірге сабаққа кедергі жасайтын заттарды, басылымдарды, ойын заттарын әкелуге;
  - ақша салып ойнайтын ойындар ойнауға;
  - бөтен нәрселер әкеліп сатуға, айырбастауға;
  - сабақта, үзіліс кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзуға;
4. Оқушылар бір-бірімен достық, әдептілік, қайырымдылық қарым- қатынаста болу керек. Жаман әдеттерден аулақ болуы тиіс.
  5. Бір-бірімен сөйлескенде бұзақы, бейбастақ сөздерді қолданбай, тіл мәдениетін сақтап сөйлесуі керек.
  6. Оқушылар себепсіз сабақ босатпауы тиіс, босатқан күнде себебін мұғалімге жеткізуі керек.
  7. Ауру себепті немесе басқа да себепті жағдайлармен сабақтан қалғанда, оқымай қалған сабақтарын мұғалімнің көмегімен оқып түсінуі қажет.
  8. Оқушылардың білімі мен тәрбиесі үшін жасалған мектептегі барлық талаптарын оқушылар міндетті түрде орындауға тиісті.
  9. Оқушылар мектептің ішкі- сыртқы тазалығын сақтауға, кезекші оқушылардың талаптарын орындауға міндетті.
  10. Каникул күндерінің алдында, соңында оқушылар сабақтан қалмауға, уақытында сабаққа келуге тиісті.

Осы Ереже барлық оқушылар үшін бірыңғай міндетті.

## **ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР:**

Осы Ереженің мақсаты: Қазақстан Республикасы жас азаматының жоғары адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу және дамыту, оқушыларға мектепте білім алуға қолайлы жағдай туғызу және мектеп манайында оқушылардың жүріп тұруына қауіпсіздік жасау.

**ОҚУШЫЛАР:** мектеп Жарғысын орындауға, мектептің, өзінің және басқаның мүлкін, мектеп ауласындағы тазалық пен тәртіпті сақтауға және ұстаздар мен басқа жұмыскерлердің еңбегіне құрметпен қарап мектепшілік Ережені сақтауға міндетті.

### **1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ.**

- Бекітілген үлгідегі мектеп формасын киюге: (киім үлгілері мектеп сайтында бар)
- Қыз балаларға опа-далап жағуға болмайды, шаш жинақы болуы қажет;
- Шашты түрлі-түсті етіп бояуға, тырнақ өсіруге және әшекейлеуге болмайды;
- Ұл балалар шаштарын уақытылы жасап (қиып) отыруы қажет;
- Мектеп ішінде оқушыларға кез келген бас киімді орамал, бандана, калпак, панам және т.б. киюге тыйым салынады.
- Мектепте тазалықты және денсаулығын сақтау мақсатында, барлық оқушылар екінші жеңіл аяқ киім киіп (ауыстыру) жүруі керек.
- Спорттық киімді дене шынықтыру сабағында ғана кию керек, басқа сабақта кию орынсыз.
- Мектепте себепсіз сыртқы киіммен жүруге болмайды.
- Салтанатты жиналыстарға және жалпымектептік шараларға оқушылар мерекелік киім киіп келуге тиіс.
- Мерекелік кештерге, концерт және дискотекаларға оқушылар қалаған киімдерін киіп келеді.

### **2. ЖАЛПЫ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ.**

Оқушылар мектепке мектеп формасын киіп, таза күйінде сабақ басталар алдында 10 минут қалғанда кешікпей келулері керек.

Мектепке кіргеннен кейін оқушылар сыртқы киімдерін және аяқ киімдерін шешіп екінші аяқ киімдерін киеді, шаштарын әдемілеп, киімдерін дұрыстап, сыныпқа кіріп оқу құралдарын дайындап мұғалімді күтіп отырады.

Өрт қауіпсіздігі, Жол ережелерін оқып, біліп және сол Ережелерді сақтауға міндетті.

Оқушылар бір-бірімен достық, әдептілік, қайырымдылық қарым-қатынаста болу керек. Жаман әдеттерден аулақ болуы тиіс.

- Оқушылар, үлкен адамдарды сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге оларға керек болғанда көмектесуге; мектептің, өзінің және басқаның мүлігін сақтап, ұқыптылықпен қарауға: мұғалімдердің және мектептің басқа жұмыскерлердің талаптарын орындауға міндетті.

- Оқушылар бір-бірін атымен атап, үлкен адамдардың тегін атап «сіз» деп және бөтен адамдарға да «сіз» деп сөйлеседі.

- Оқушылар үлкен адамдарға жол беріп; кішкентай оқушыларды алдымен жіберулеріп және де ұлдар қыздарға жол берулері керек.
- Бір-бірімен сөйлескенде бұзақы, бейбастақ сөздерді қолданбай, тіл мәдениетін сақтап сөйлесуі керек. Күш қолдану адамның ар-намысын қорлайды, сондықтан мектепте төбелесуге қатаң түрде тыйым салынады.
- Оқушыларға: сабақ кезінде мұғалімнің немесе оқу меңгерушісінің рұқсатынсыз мектептен және оның маңайынан, өз бетінше спорттық, мәдени және сыныптан тыс шаралардан кетуге болмайды; мектепте және оның маңайына жарылғыш, жанғыш, сұйық заттарды, пиротехникалық бұйымдарды, газ баллондарын, шылым мен спирттік ішімдіктерді, есеңгірететін және уландыратын заттарды әкеліп пайдалануға қатаң тыйым салынады.
- Мектепте: оқушылардың өміріне және денсаулығына қауіпті болғандықтан, терезенің алдына мінуге, шкафтардың үстіне шығуға, баспалдақтың таянышымен сырғанақ тебуге, басқа оқушыларды итеруге; мектептегі шаруашылық бөлмелерінің есігін ашып-кіруге; электрлік шкафтарды ашуға **ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ;**

## **САБАҚ КЕЗІНДЕ.**

Мұғалім сыныпқа кіргенде оқушылар орындарынан тұрулары керек. Олар амандасқаннан соң және мұғалімнің рұқсатынан кейін орындарына отырады. Осылай оқушылар сабақ кезінде сыныпқа кіріп келген әрбір кісімен амандасып қарсы алулары керек. Мұғалім немесе басқа адам сыныптан шыққаннан кейін де оқушылар орындарынан тұрулары керек.

Сабақ кезінде мұғалім сабақтағы тәртіп ережесін өзі орнатады.

Сабақ үстінде шулауға, өзі басқа нәрсеге аландап және де жолдастарын да сөзге тартып, ойынмен аландатуға болмайды.

Егер оқушы бірдеңе айтқысы, сұрақ қойғысы келсе, ол қолын көтеріп, мұғалім рұқсат берген соң сөйлеуі керек. Мұғалім басқа да тәртіп ережелерін қоя алады.

Сабақ аяқталған туралы қоңырау мұғалім үшін соғылады. Ол сабақ аяқталуының дәл уақытын белгілеп оқушыларға оның аяқталғаны туралы хабарлайды.

Егер оқушы мектептегі сабақты қалдырса, ол сынып жетекшісіне медициналық анықтаманы немесе ата-анасынан қысқаша хат әкелуі керек. Сабақты дәлелді себепсіз қалдыруға немесе сабаққа кешігіп келуге рұқсат етілмейді.

Үзілісте және сабақ аяқталғаннан соң.

Үзіліс кезінде оқушылар: өздерінің жұмыс орнын қалпына келтіріп қоюға; сыныптан шығуға; кезекші мұғалімдердің және де басқа жұмыскерлердің талаптарына бағынуға міндетті.

Үзілісте: баспалдақтармен жүгіруге, терезе ойығы, шыны витрина немесе басқа да ойнауға арналмаған жерлерде жақын, бір-бірін итеріп, заттарды лақтыруға және күш көрсетіп жаман, былапыт сөздерді айтып қол сермеп,